

ТҮСІНДІРМЕ БЕРІЛГЕН НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ШОЛУ

ТҮЙІМ САЛЫНҒАН ТІЗІМ 2020 Ж.

Барлық уақытта тыйым салынған субстанциялар мен әдістер (жарыс және жарыстан тыс кезеңдерде)

Тыйым салынған субстанциялар

S1 АНАБОЛИКАЛЫҚ АГЕНТТЕР

1. Анаболикалық андрогендік стероидтер (AAS)

• Анаболикалық андрогендік стероидтердің (AAS) бөлінуі «а. экзогендік және» б. Эндогендік» болып бөлінуі алып тасталынып, барлық AAS бір класқа біріктірілді.

S1-дегі тыйым салынған заттардың тізімі өзгерген жоқ, бірақ қосымша екі мысал (метилкlostебол және 1-эпиандростерон) қосылды. Бұл өзгеріс барлық анаболикалық агенттерге экзогендік енгізуде барлық анаболикалық агенттерге тыйым салынғанын және S1 класын көрсетуді Тізімнің басқа эндогендік және экзогендік субстанцияларды ажыратпайтын басқа кластармен үйлестіру мақсатында жасалды.

Субстанциялардың шығу тегін анықтау (яғни, олардың табиғаты эндогендік пе немесе экзогендік пе) бұрынғыдай, тиісті TD2019IRMS техникалық құжатымен немесе кез келген басқа қолданылатын техникалық құжатпен (мысалы, TD2019NA) немесе Техникалық хатпен реттеледі.

2. Басқа анаболикалық агенттер

• LGD-4033 енді жиі қолданылатын-лигандрол-деген басқа атпен аталады.

S2 ПЕПТИДТІК ГОРМОНДАР, ӨСУ ФАКТОРЛАРЫ, ОЛАРМЕН БАЙЛАНЫСТЫ СУБСТАНЦИЯЛАР ЖӘНЕ МИМЕТИКТЕР

• Қайта қарастырылғаннан кейін аргон тыйым салынған тізімнен шығарылды, өйткені ол енді мұнда кіргізу критерийлеріне сәйкес келмейді.

• TGF- β ингибиторлары: аталған субстанциялардың әсерінің басым механизмін жақсырақ көрсету «сигнал беру жолы» ретінде қосылды. Енді олар «TGF- β сигнал беру жолының ингибиторлары» деп аталады.

S4 ГОРМОНДАР ЖӘНЕ МЕТАБОЛИЗМ МОДУЛЯТОРЛАРЫ

• Эстроген рецепторларының селективті модуляторларының қосымша мысалдары ретінде базедоксифен және оспемифен қосылды.

Тыйым салынған әдістер

M2 ХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ФИЗИКАЛЫҚ МАНИПУЛЯЦИЯЛАР

• Тұжырымдама бұл тұрғыда протеаздарды қолдану тек сынамадардың бұрмалауына қатысты болатындығын нақтылау үшін өзгертілді. Протеаздарды жергілікті және жүйелі пайдалануға рұқсат етіледі.

M3 ГЕНДІК ДОПИНГ

- M3.1 және M3.2 кластары біріктірілді, өйткені гендік допингтің геннің экспрессиясына әсеріне генді өңдеуден басқа әдістермен қол жеткізуге болады.
- Гендер экспрессиясын өзгертудің барлық қадамының толық тізімінсіз механизмдердің кең спектрін қамту үшін, «ген экспрессиясының транскрипциялық, посттранскрипциялық немесе эпигенетикалық реттелуі» «гендік экспрессияны кез-келген механизм арқылы өзгерту» деп ауыстырылды.
- Гендік допинг әдістеріне қосымша мысалдар ретінде «ген экспрессиясын басу» және «гендерді көшіру» қосылды.
- «Полимерлер» сөзі нуклеин қышқылдарының стандартты ғылыми терминологиясына сәйкес болу үшін алынып тасталды.
- Дің жасушаларына қатысты «Тыйым салынған тізімдегі сұрақтар мен жауаптардан» алынған, егер түрлендірілмеген дің жасушаларының өзін ғана қолдануға (өсу факторларын немесе басқа гормондар қоспай) зақымданған аймақтың қызметін қалпына келтіргенше, бірақ сол аймақтың қызметін күшейпейтін болса, жарақаттарды емдеу үшін тыйым салынбаған, деген мәлімдеме қайталанған.

Жарыс кезеңінде тыйым салынған субстанциялар

S6 СТИМУЛЯТОРЛАР

- Октодрин (1,5-диметилгексилламин) «ерекше субстанцияның» мысалы ретінде қосылған. Бұл субстанция жақында кейбір биологиялық қоспалар құрамынан табылды.
- Имидазолдың туындыларына, егер олар дерматологиялық, назальдық немесе офтальмологиялық жолмен қолданылса, тыйым салынбайды деп түсіндірілген.

S7 ЕСІРТКІЛЕР

- Түсінікті болу үшін барлық оптикалық изомерлерге тыйым салынған деген түсініктеме қосылды. Бұл левометонадон сияқты оптикалық изомерлердің дәрежесін анықтайды.

S8 КАННАБИНОИДТЕР

- S8 «Каннабиноидтер» класының тұжырымдамасы нақтырақ болу үшін жаңартылды. Тыйым салынған субстанциялардың тізімі өзгертілген жоқ. Барлық табиғи және синтетикалық каннабиноидтерге тыйым салынған, оларға каннабистің немесе кез-келген синтетикалық каннабиноидтың препараттары жатады. Табиғи дельта-9-тетрагидроканнабинол (ТГК) және синтетикалық ТГК (мысалы, дронабинол) тыйым салынған. ТГК әсерін беретін барлық синтетикалық каннабиноидтерге тыйым салынған.
- Каннабидиолға (КБД) тыйым салынбаған. Алайда, спортшылар өсімдік каннабисінен сығынды ретінде алынған кейбір КБД препараттарының құрамында ТГК болуы мүмкін, ал бұл каннабиноидтің жағымсыз нәтижесін беруі мүмкін екенін білулері тиіс.

Мониторинг бағдарламасы

- Экдистерон заңдылықтар мен теріс пайдаланушылықтың таралуын бағалау үшін мониторинг бағдарламасына енгізілген. Басқа экзистероидтар бар болса да, көптеген мәліметтер (әсіресе ойын көрсетудегі нәтижелілікке әсер етуге қатысты), сонымен қатар мүдделі тараптардың экдистерон туралы пікірлеріне сәйкес, ол 2020 жылға арналған мониторинг бағдарламасына қосылды.

* Бұрынғы өзгертулер мен түсіндірулер туралы қосымша ақпаратты WADA сайтындағы «Тыйым салынған тізім бойынша сұрақтар мен жауаптар» бөлімінен табуға болады: www.wada-ama.org/en/questions-answers/prohibited-list-qa